

«Нөлдік форма арқылы
грамматикалық мағынаның
берілуі»

Орындаған: Төлеужанова Ж.С.

Тексерген: Саткенова Ж.Б.

Жоспар:

Кіріспе:

Нөлдік тұлға мен түбір тұлға

Негізгі бөлім:

Нөлдік тұлғаның жасалуы

Ерекшеліктері

Қорытынды

- Нөлдік формалар- арнайы грамматикалық мағынасы болса да, арнайы көрсеткіші болмайтын ерекше тілдік нормалар. Олар грамматикалық тұлғасыз да грамматикалық мағынаны білдіреді.
- Нөлдік тұлғаның формасы түбір тұлғамен сәйкес келеді. Алайда кез келген түбір нөлдік формада болмайды, олар грамматикалық форма жасауға негіз болады. Түбір тұлғаның грамматикалық мағынасы оның сөйлеу процесіне қатысу барысында немесе синтаксистік қарым-қатынасқа түсуінен ғана көрінеді.

Нөлдік тұлғаның грамматикалық тұлғаға айналуы:

- Берілген сөздің сөйлемде белгілі бір тұрақты қызмет атқаруы;
- Басқа бір сөзбен қарым-қатынасқа түсуі;
- Түбір күйінде білдіретін грамматикалық мағынасынан өзге грамматикалық мағынаны білдіруі;
- Сөйлемде сөздерді байланыстырушы қызметін атқаруы тиіс.

Нөлдік форма екі түрлі себеппен пайда болған:

- 1) тарихи тұрғыдан 2-жақ бұйрық рай мағынасының да, жіктік жалғаудың 1-жағының бір кездерде өзіне тән грамматикалық көрсеткіші болған;
- 2) ол көрсеткіштер түрлі себептермен түсіріліп айтылатын дәрежеге жеткен.

Исаев С. нөлдік форманың жасалу жолдарын былайша талдайды:

- Атау септігінің өз алдына дербес грамматикалық тұлғасыболмаса да, грамматикалық мағынасы мен сөйлемдегі қызметіне қарай атау тұлға болады. Атау септігінің қосымшасызтұруы оның өзге септіктермен бірдей деңгейде танылуына, солармен бірдей дәрежеде қарастыруға мүмкіндік береді.
- Сөйлем ішінде негізгі етістік күйін сақтайтын, қимылды білдіріп тұрған 2-жақ бұйрық рай мағынасындағы етістіктер нөлдік форманы білдіреді.
- Жіктік жалғауының 3-жағы да нөлдік форманы көрсетеді.
- Ілік септігінің қосымшасының түсіріліп айтылуы нәтижесінде нөлдік форма жасалады.
- Тәуелдік жалғауының түсіріліп айтылуы нәтижесінде нөлдік форма туады.
- Барыс, шығыс, табыс септіктерінің жалғаулары түсіріліп айтылуы нәтижесінде нөлдік форма пайда болады.

Нөлдік тұлғаның ерекшеліктері

- Басқа ұқсас тұлғалардан айырым белгісі бір жүйенің аясында, сол парадигмалық жүйенің басқа түрлерімен, бір жағынан қарама-қайшылықта, екінші жағынан, бірлікте тұру арқылы айқындалады;
- Нөлдік форма қазақ тілінде сөз байланыстырушы тұлғалар жүйесінде ғана болып, өмір сүре алады, өйткені оның шын мәнінде грамматикалық форма ретінде тілде өмір сүруі тек бір грамматикалық мағынаны білдірумен ғана емес, сонымен бірге ол тұлғаның синтаксистік қызметі мен сөздерді байланыстыруынан айқындалып көрінеді

Қорыта айтқанда, **нөлдік форма** дегеніміз- агглютинативті тілдердегі сөйлеу процесінде сөздің формалық көрсеткіші түсіп қалғанымен, ол тұлға білдіретін грамматикалық мағынаның сақталып қалуынан және сөздердің өзара арнайы грамматикалық көрсеткіші грамматикалық байланысына негізделіп қалыптасқан, грамматикалық мағынасы сөйлеу кезінде ғана анықталатын форма.

Пайдаланылған әдебиеттер

- Момынова Б. Қ., Саткенова Ж. Б. «Қазақ тілінің морфологиясы»
- Саткенова Ж. Б. «Қазақ грамматикасы»